

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы: шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – кәсіпорын).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабының 5 тармағы бойынша.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2022 жыл.

Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін.

Кәсіпорын қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер:

Кәсіпорын өз қызметін «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінің 03.02.2021 жылы берілген № KZ77VFF00002709 санды куәлік, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады, сондай-ақ, кәсіпорын қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды (Қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер, ережелер) басшылыққа алады.

Кәсіпорынның ұйымдастыру-басқару қызметі:

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысу бағыты бойынша: 2022 жылы штат саны іс жүзінде нақты саны – 91 адам.

Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған – 29 жұмыскер; шығарылған – 14.

Аталған кезеңде 12 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа тартылған қызметкерлер тіркелген жоқ, сотталғандар жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша: Жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде үлестес болу фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорынның қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер фактісі бойынша жеке немесе заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Еңбек даулары кезінде мүдделер қақтығысын шешу үшін жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінен тұратын тұрақты комиссия жұмыс жасайды. 2022 жыл көлемінде өтініштер және / немесе еңбек даулары болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, сондай-ақ қызметкерлердің жалпы мінез-құлық қағидаларын сақтау мақсатында әуежай сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша әзірленген және бекітілген

саясатты басшылыққа алады. Кадр резервін қалыптастыру тәртібі мен шарттары кадр резерві туралы Ережемен регламенттелген. Тиімді басқаруды және тәуекелдердің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету үшін кәсіпорын тәуекелдерді басқару саясатын басшылыққа алады.

Қызмет көрсету желісі бойынша: кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұтынушыларға газ, жіткізу, қауіпсіз және тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

Талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсынымдар:

ШЖҚ «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК 2023 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Директордың м.а.

А. Шауенов

Заңгер

Т. Каримов